

«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» акционерлік қоғамы мен оның еншілес ұйымдарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері туралы аналитикалық анықтама

<p>Қызметі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жасауға жататын бөлімшенің атауы</p>	<p>«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» АҚ</p>
<p>Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының 8-тармағына сәйкес, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың бағыты</p>	<p>1) бөлімшенің қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау; 2) бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.</p>
<p>Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін құрылымдық бөлімше, лауазымды тұлға (лауазымды тұлғалар) немесе жұмыс тобының дербес құрамы туралы</p>	<p>«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» АҚ 2021 жылғы 6 сәуірдегі № 45 бұйрық (қоса берілді)</p>
<p>Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі</p>	<p>2019 - 2020 жылдар</p>
<p>Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін басшылық, үйлестіру және жауапкершілік жүктелетін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің лауазымды тұлғасы туралы мәліметтер</p>	<p>Төрағаның орынбасары – Басқарма мүшесі Кулов Р.М.</p>

«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) 2021 жылғы 6 сәуірдегі №45

бұйрығымен құрылған жұмыс тобының мүшелерімен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) 2, 4 - тармақтарының талаптарына сәйкес, ағымдағы жылғы 9-24 сәуір аралығында 2019-2020 жылдардағы қызмет кезеңіне Қоғамдағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Ішкі талдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1) Қоғамның және еншілес ұйымдардың қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Қоғамның және еншілес ұйымдардың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Ішкі талдау жүргізу үшін ақпарат көздері ретінде:

- Қоғамның және еншілес ұйымдардың қызметін қозғайтын нормативтік құжаттар;

- мемлекеттік органдармен бұрын жүргізілген тексерулердің нәтижелері;

- бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;

- жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;

- сот актілері, прокурорлық қадағалау актілері;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында беруге жол берілетін өзге де мәліметтер қолданылды.

Мониторинг барысында ішкі нормативтік құжаттар, бөлімшелер мен еншілес ұйымдардың негізгі функциялары талданды. Лауазымды тұлғалардың өз қалауы бойынша шешім қабылдауына ықпал ететін ережелер белгіленбеген. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалардың болуы анықталған жоқ.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Ішкі аудит департаментімен 2020 жылғы мамыр-маусым айларында жүргізілген Қоғамның қаржы - шаруашылық қызметінің 2017 жылғы 1 қаңтардан 2020 жылғы 20 мамыр аралығындағы нәтижелерін тексеруден сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері немесе орын алған тәуекелдер анықталған жоқ. Өзге тексерулер жүзеге асырылмады.

Талданып отырған кезеңде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзуға қатысты прокурорлық қадағалау актілері мен сот актілері жоқ.

Қоғаммен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамытудың негізгі бағыттары бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Қоғам тарапынан негативті жарияланымдардың, сыбайлас жемқорлық көріністері фактілерінің немесе орын алған тәуекелдердің болуына БАҚ және интернет ресурстарының тұрақты мониторингі жүзеге асырылады. Көрсетілген кезеңде мұндай жарияланымдар жоқ.

ТҚШ мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың 230 өтініші талданды. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды немесе орын алған тәуекелдерді көрсетумен байланысты фактілер келтірілген жоқ.

Көрсетілген кезеңде Қоғамның және еншілес ұйымдардың қызметкерлеріне қатысты қылмыстық іс қозғау фактілері туралы деректер жоқ.